

Тұрмысы кедейшілік шегінен төмен азаматтарға коммуналдық қызметтерді тұтынуға біржолғы материалдық көмек көрсету туралы тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Меркі аудандық мәслихатының 2004 жылға 13 ақпандағы № 5-19 шешімі. Жамбыл облыстық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 25 наурызда № 1277 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Меркі ауданы мәслихатының 2013 жылғы 22 тамыздағы № 18-7 шешімімен

Күші жойылды - Жамбыл облысы Меркі ауданы мәслихатының 22.08.2013 № 18-7 шешімімен

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 2 тармағының және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабының 11 тармағының негізінде аудандағы тұрмысы кедейшілік шегінен төмен азаматтарға коммуналдық қызметтерді тұтынуға материалдық көмек көрсету мақсатында аудандық мәслихаттың сессиясы ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Тұрмысы кедейшілік шегінен төмен азаматтарға коммуналдық қызметтерді тұтынуға біржолғы материалдық көмек көрсету тәртібі қосымшаға с а й б е к і т і л с і н .

2. Жамбыл облысының Әділет басқармасында 2003 жылдың 27 қарашадағы № 1149 тіркелген Меркі аудандық мәслихаттың 2003 жылдың 7 қарашасында № 2-3 "Тұрмысы ең төмен отбасыларына табыс көзіне қарамастан коммуналдық қызметті тұтынуға арналған 2003-2004 жылдарға төлем сомасын бекіту туралы" ш е ш і м і н ің к ү ш і ж о й ы л с ы н .

3. Осы шешім Жамбыл облыстық Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

Ү. Айбеков

Меркі
"Тұрмысы
төмен
қызметтерді
материалдық
туралы

Т. Олжабай

аудандық
кедейшілік
азаматтарға
тұтынуға
көмек
тәртібін

Аудандық мәслихат

хатшысы

мәслихатының
шегінен
коммуналдық
біржолғы
көрсету
туралы"

Тұрмысы кедейшілік шегінен төмен азаматтарға коммуналдық қызметтерді тұтынуға біржолғы материалдық көмек көрсетудің тәртібі

Осы тәртіп Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Заңдарына сүйенеді.

1. Тұрғын үй көмегі сол жерде тұрақты тұратын және тұрғын жайдың меншік иесі немесе жалдаушысы (жалгерлері) болып табылатын адамдарға жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен беріледі.

2. Тұрмысы төмен азаматтарға коммуналдық қызметтерді тұтынуға берілетін біржолғы материалдық көмек аудандық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы арқылы ауыл, кент әкімдері жанынан құрылған атаулы әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі учаскелік комиссия қорытындысы бойынша төленеді.

3. Аудандық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына учаскелік комиссияның қорытындысы және материалдық көмек алушылардың тізімі ұсынылады. Коммуналдық қызметтерді тұтынуға берілетін біржолғы материалдық көмектің мөлшері 3 мың теңге болып белгіленеді.

4. Коммуналдық қызметтерді тұтынуға берілетін біржолғы көмек жергілікті бюджетте осы көмекті көрсетуге көзделген сома шегінде ғана жүзеге асырылады. Тұрғын үй жәрдемақысы әр алушының жеке шотына Меркі аудандық байланыс торабына аударылады.

5. Тұрғын үй және коммуналдық қызметтер үшін ортақ шығыстарды ортақ тұрғын үйде (бір пәтерде) тұратын бірнеше жалдаушы немесе меншік иелері арасында бөлісу тәртібі тараптардың келісімімен, ал келісімге қол жетпеген жағдайда сот тәртібімен анықталады.